АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
«№5 ГИМНАЗИЯ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ
КӘСІПОРНЫ
010000, Астана қаласы,
Жәнібек Тархан көшесі, 16
тел.: 98-71-26

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ
«ГИМНАЗИЯ №5»
АКИМАТА ГОРОДА
АСТАНЫ
010000, город Астана,
улица Жанибек Тархана, 16
тел.: 98-71-26

2026 ж. «01» 09

БҰЙРЫҚ № 327

2026–2027 оқу жылында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, гимназия қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу, қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру және білім алушылар арасында адалдық пен парасаттылық құндылықтарын қалыптастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жалпы ұйымдастыру жұмыстары

1.1. №5 гимназияда 2026–2027 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу жұмыстары ұйымдастырылсын.

1.2. Гимназияның барлық педагогтері мен қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін орындау кезінде заңдылық, адалдық, әділдік, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын сақтау міндеттелсін.

1.3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітуге ұсынылсын.

2. Жауапты тұлғаны тағайындау

2.1. Гимназияда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі жұмысты үйлестіруге жауапты тұлға болып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шаханов Оразалы Сапарович тағайындалсын.

3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

3.1. Қызметкерлерге заңсыз сыйақы, ақша, сыйлық немесе қызметтік міндеттерді орындауға ықпал ету мақсатындағы өзге де игіліктерді қабылдауға жол берілмейтіні түсіндірілсін.

3.2. Білім алушылардың білімін бағалау кезінде әділдік пен объективтілік қамтамасыз етілсін.

3.3. Оқушыларды қабылдау, оқу жетістіктерін бағалау, кадрлық шешімдер қабылдау және материалдық ресурстарды пайдалану кезінде заңдылық пен ашықтық талаптары сақталсын.
3.4. Мемлекеттік сатып алу, бюджет қаражатын пайдалану және демеушілік көмекке қатысты жұмыстар қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылсын.
3.5. Қызметкерлердің жеке мүдделері мен қызметтік міндеттері арасында мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда ол туралы басшылыққа хабарлау және оны заңнамаға сәйкес реттеу қамтамасыз етілсін.

4. Білім алушылар арасында адалдық мәдениетін қалыптастыру

4.1. Сынып жетекшілері тәрбие сағаттарында адалдық, парасаттылық, әділдік, жауапкершілік және заңға құрмет тақырыптарында түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.
4.2. «Адалдық – адамдықтың белгісі», «Парасаттылық және әділдік», «Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам» тақырыптарында тәрбие іс-шаралары ұйымдастырылсын.
4.3. Мектеп парламенті мен өзін-өзі басқару ұйымдарының қатысуымен адалдық пен жауапкершілікті насихаттайтын іс-шаралар өткізілсін.
4.4. Білім алушыларға сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін зияны және заңды сақтау маңыздылығы түсіндірілсін.

5. Ашықтық және қоғамдық бақылау

5.1. Гимназияның қызметіне қатысты ақпаратты жариялау кезінде қолданыстағы заңнама талаптары сақталсын.
5.2. Ата-аналар мен заңды өкілдердің өтініштері белгіленген тәртіппен қаралсын.
5.3. Азаматтардың өтініштері мен шағымдарын қабылдау және қарау рәсімдерінің ашықтығы қамтамасыз етілсін.
5.4. Сыбайлас жемқорлық белгілері туралы хабарламаларға қатысты мәліметтердің құпиялылығы мен өтініш берушілердің заңды құқықтарын қорғау талаптары сақталсын.

6. Түсіндіру және профилактикалық жұмыстар

6.1. Педагогтер мен қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
6.2. Қызметкерлерге қызметтік әдеп, мүдделер қақтығысы және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мәселелері түсіндірілсін.
6.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға бағытталған жұмыстар қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастырылсын.
6.4. Анықталған тәуекелдер бойынша оларды жоюға немесе төмендетуге бағытталған ұсыныстар әзірленсін.
Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралардың орындалуы бақылауға алынсын. Осы бұйрықтың талаптары гимназияның тиісті қызметкерлеріне таныстырылсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары О.С. Шахановқа жүктелсін.

Директор **К. Инербаева**